

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№4 ХАТТАМАСЫ

23.06.2025 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 301 каб.

Қатысқандар. Факультет деканы, профессор К. Камбуров, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Татыкаева У.Б., ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Ырысбай, СМЖ жауапты Файзиева С.А., АК төрайымы Сапиева Д., кафедра меңгерушілері, аға тәлімгерлер, оқытушы – профессорлар құрамы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Университет инфрақұрылымы (аудиторияла-ры, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), университеттің ғылыми кітапханасы, спортзалдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.

2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

3. Білім алушыларының академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау.

4. Сәуір, мамыр айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

5. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.

1-ші сұрақ бойынша: СҚК төрайымы С.А. Файзиева бірінші мәселе бойынша сөз алып, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау туралы айтты. Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді акпараттандыру болып табылады. Жаңа акпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл студенттерге өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағында студенттің сабаққа қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беруі керек. Бұл оқытушының шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Заманауи акпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу студенттерді ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Оқытудың инновациялық әдістері мен акпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында акпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Қазіргі кезде сабақтарды акпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту өте тиімді нәтиже береді. Мұнда компьютерді оқытушы қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден акпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге графиктер, схемалар, иллюстрациялар және т.б. жатқызуға болады. Сонымен бірге акпараттық технологияларды сабақтарда жаңа тақырыпты өткенде, өзіндік жұмысты тексеру

кездерінде, аралық және қорытынды бақылау сабақтарында қолдану өте тиімді. Сабақ кезінде слайд-фильмдерді, бейне-сабақтарды пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың көрнекілігін, тиімділігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен, ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық сауатты болып өсулеріне ықпал етеді. Сонымен қатар, факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы медициналық білім беруде келесі әдістерді қолданады: PBL (problem-based learning)- проблемаға бағыттап оқыту, OR (oral report) – презентация, PAL (peer-assisted learning) - құрбы-құрдастары арқылы оқыту, SGL (small group learning) - шағын топтарда оқыту, TaskBL (task-based learning) - мәселелерге/есептерге негізделген оқыту, пікір-талас әдісі, case-study әдісі, жобалау әдісі, деңгейлеп оқыту. Қазіргі кезде оқытушылардың міндеті - сабақты сапалы, тиімді өткізу және студенттерде әр пәнге қызығушылықты арттыру болып табылады.

Шешімі: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу және оқытушылардың ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру, кафедра меңгерушілердің бақылауына алынсын.

2-ші сұрақ бойынша: Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары У.Татыкаева тақырып бойынша тоқталып өтті. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына оқу-процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру

ББ құрастыруда түлектер атрибуттарын айқындау тиіс. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасуы қандай, ол үшін өткен жылдардың мәліметтерін талдау қажет. 2024-2025 оқу жылы бітірушілердің білім беру бағдарламасы мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігіне, бағалау саясатына және оқу барысында көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама ұйымдастырылады.

Шешімі: Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігінің анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

3-ші сұрақ бойынша: ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау.

4-ші сұрақ бойынша: Академиялық комитет төрағасы сәуір-маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерінің іс шаралар нәтижелерінің туралы сөз қозғалды:

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары БББ-ның сапасын арттыруда негізгі фактор болып табылады. Сондықтан сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар әрбір бөлімшенің өзіне жүктелген міндеттері нақты айқындалуы қажет және осы процестердің нәтижелі болуы үшін барлық факультет пен кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысуы керек. Осыған орай өткен оқу жылындағы постмониторинг нәтижелеріне шолу жасап. Талдау барысында білім беру бағдарламасының орындалу деңгейі, студенттердің оқу жетістіктері олардың практикадан өту барысы және оқытушы құрамының кәсіби дайындығы талқыланды. Сонымен қатар аккредиттеу мен постмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірілді. Ол есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатаң сақталуы керек екені және техникалық база, сонымен қатар білім беру үрдісінің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылды.

Шешімі : Факультеттегі сәуір-маусым айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

5 -ші сұрақ бойынша: Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.

Күн тәртібіндегі «Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу» мәселесі бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі

комиссиясы төрағасы С.Файзиева сөз алды:

2025-2026 оқу жылына Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарыны жоспарланды.

№	I. Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау туралы белгі
1.	1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну.	2025 ж. Қыркүйек, казан	Факультет деканы, Комиссия мүшелері, шақырылған университет қызметкерлері	Бекітілген жоспар
	2. Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы үш жылда ОПҚ-ның біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтерді тексеру.			Тексеру материалдары, есептер
	3. ББ пәндері бойынша контенттердің сапалы әзірленуі және порталға толық жүктелгенін тексеру			Тексеру материалдары, есептер
	4. ББ түлектердің жұмысқа орналасу нәтижесіне мониторинг жүргізу			Тексеру материалдары, есептер
	5. Қыркүйек, қазан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.			Тексеру материалдары, есептер
2.	1. Білім алушылар ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізі	2025ж. Қараша, желтоқсан	Факультет деканы, Комиссия мүшелері, шақырылған университет қызметкерлері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.			Тексеру материалдары, 9-қосымша
	3. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.			Хаттама, шешімдер, ұсыныстар
	4. Қараша, желтоқсан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.			
3.	1. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалау.	2026 ж. Қаңтар, наурыз	Факультет деканы, Комиссия мүшелері, шақырылған университет қызметкерлері	Тексеру материалдары, 2-қосымша
	2. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.			Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	3. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу.			Тексеру материалдары, 8-қосымша
	4. Қаңтар, наурыз айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.			Хаттама, шешімдер, ұсыныстар

4.	1.	Университет инфрақұрылымы (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), университеттің ғылыми кітапханасы, спортзалдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.	2026 ж. Сәуір-маусым	Факультет деканы, Комиссия мүшелері, шақырылған университет қызметкерлері	Тексеру материалдары, 6-қосымша
	2.	ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.			Тексеру материалдары, 11-қосымша
	3.	Білім алушыларының академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау.			Тексеру материалдары, кестелер, 5-қосымша
	4.	Сәуір, мамыр айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.			Хаттама, шешімдер, ұсыныстар
	5.	Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.			Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	6.	Комиссияның 2025-2026 оқу жылының есебін әзірлеу.			Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	7.	Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.			Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	8.	Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.			Хаттама, шешімдер, ұсыныстар

Мәжіліс төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:

С.Файзиева

Д. Сапиева